	Тамақты дұрыс ішуді, қысық және шаяншықын, майлықты қолдануды, нан қықымын шашпады, сусым мен оорпасым төкпей ішуді пысықтау				
	Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жонип и/е іліп қойуын қалыптастыру.				
<b>Ұйықадан ояну шынығу,</b> <u>15<sup>00</sup> - 15<sup>30</sup></u> <b>Бесін ас</b> уақыты <u>15<sup>30</sup> - 16<sup>00</sup></u>	А.А. Уманскийдің әулеті үгі.				
	Киімдерін ұяңты өздiгeнeн киюi. Түймелерін қалдау, сырмаларын сiру, аяқ киiмдерiн дұрыс киюдi дамыту. Қыз балалар шапшаңырын тiрiп жинап қоюды үйрету. Қолын сабынмен жуу әдiстерiн пысықтау Таза және ұяңты тамақтануды, қысықты дұрыс ұстуды, тамақтану кезiнде аузын жауып жууды дамыту				
<b>Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті</b> уақыты <u>16<sup>00</sup> - 16<sup>45</sup></u>	<b>«Шыбық» дәлелі лақтыру» к/о</b>  Көркем шығарма оқып беру, кітаптар көру.	<b>«Тырналар» к/о</b>  Ауладаты өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату	<b>«Күміс алу» к/о</b>  сүйеі дәстүріне арналған түймелерін айтылау	<b>«Допты дәлелі лақтыру» к/о</b>	<b>«Құстар ұшып келеді.» к/о</b> балаларды өдері таңдаған әуендеріне білету
<b>Серуенге дайындық</b> <b>Серуендеу</b> <b>Үйге қайту</b> <b>Ата-анаға кеңес</b> уақыты <u>16<sup>45</sup> - 18<sup>30</sup></u>	Зәттарын ұмытпай, киімдерін киіп жиналу.  Құммен ойындар  Ата-аналармен бірлескен әрекетте үйде әзірленген ұлттық оюларды көрмесін өткізу бойынша кеңес				



Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Сықарлы құм»

Мақсаты: Балаларды құм туралы түсініктерін қалыптастыру. Сәбилерді құммен тәжірибелік жұмыс жасауға үйрету. Құммен сурет салуға үйрету.

Сөздік жұмыс: Құрғақ, дымқыл.

Қостілділік компоненті: Құрғақ -сухой, дымқыл - влажный, құм-песок.

Беректі құралдар: Құм салатын жалпақ табак, ойыншық телефон, құм салғыш, қалыптар, күректер, сұқдүйғыштар, ноутбук, ұнтаспа.

Кіріспе бөлім:

Қуаныш шеңбері:

Амансың ба, алтын күн!

Амансың ба көк аспан!

Амансың ба жер ана!

Амансың ба, достарым!

Сендерді көрсем қуанам.

Үстелді жағалай отырады.

- Балалар, қарандаршы сендердің алдырыңдағы ыдыста не салынып тұр?
- Құм салынып тұр.
- Дұрыс айтасыңдар. Бұл құм.

Сендер құммен ойнаған ұнай ма?

- Иә, ұнайды.

Әңгімелесу:

- Балалар естідіңдерме, бізге біреу телефон шалып жатыр. Қазір кім екенін білейік. (ұялы телефонмен сөйлесу)
- Бізге қонырау шалып тұрған бақа екен. Балалар сендер бұрын бақаны көрдіңдер ме?
- Иә, көрдік. Көрген жоқпыз.
- Суда, құмда, орманда өмір сүреді.
- Бақа қайда өмір сүреді?
- Суда, құмда, орманда өмір сүреді.
- Дұрыс айтасыңдар. Суда жүзетін бақалар, құмда секіретін бақалар.
- Оның түсі қандай болады?
- Жасыл, қонар, сары түсті болады.
- Бақа тағы не істей алады?
- Секіре алады, суда жүзеді, маса аулайды
- Бақа қалай дыбыстайды?
- Бақ..бақ..бақ..
- Жарайсыңдар, балалар.
- Бақа: - Бақ-бақ-бақ, сендер мені шақырдыңдар ма?
- Иә, шақырдық
- Балалар, бүгін менің туган күнім. Мен сендердің құмнан торт, бәліш, тоқаш жасай алатындарыңды білемін. Кешке келетін қонақтарыма құмнан сый – сыйлап қорсеткім келеді. Маған көмектесіңдер ме?

Негізгі бөлім:

Тәрбиеші: - Бірақ, балалар, біз дастархан дайындамас бұрын сендермен бірге құмды қолымызбен ұстап, ойын ойнап көрейік. Бақа, сенде бізбен бірге ойна.

Дидактикалық ойын: «Сеймтал алақандар»

Шарты: (Әрбір баланың алдында құм салынған жалпақ табак тұр)

Мен алақаныммен құмның салқындығын сезіп тұрмын. Сендер нені сезіп тұрсыңдар?

- Құм салқын (жазды, суық), сары, құрғақ.
- Құм туралы не білеміз? Ол қандай?
- Құм құрғақ болса суықпалы, сулы болса жабысқақ. Күн ыстық болғанда құм ысыды. Күн салқын болса құмды салқын болады.

Енді құмның бетінде қандай із қалдыруға болатынын тексеріп көрейік.

Сурет салады.

- Алақандарымен, саусақтарымен құм бетіне басып, іздер салады.
- Сендер не салдыңдар? Қандай әлемі суреттер.
- Іздерді салдық.
- Олар неге ұхсайды?
- Қоянның ізіне, тышқанның ізіне, жазуға, құстардың ізіне.
- Көрдiңдер ме, балалар, құмның бетінде әртүрлі іздер қалдыруға болады екен.
- Бақа: - Менде салып көрейіңші.
- Бақаға көмектесеміз бе?
- Иә, көмектесеміз.
- Тәрбиеші:
- Бақаның суреті неге ұхсайды?
- Күнге ұхсайды.
- Құмнан тағы не істеуге болады?

Ойнауға болады, сурет салуға болады.

Қазір балалар бір бейнесюжетті мәсінат қараймыз (ноутбукпен жұмыс)

- Дұрыс айтасыңдар, балалар, қазір біз сендермен бірге құм бетіне саусақпен сурет салып көреміз.
- Көрдiңдер ме, балалар, құмның бетінде әртүрлі іздер қалдыруға, суреттер салуға болады екен.
- Ал, енді бір тәжірибе жасап көрейік. Қарандаршы құрғақ құмды бір алақаннан екінші алақанға себуге болады. Көрдiңдер ме, қалай тез ағады (түседі.)

Тәжірибе жасауды ұсынады.

Көрдiндер ме, құрғақ құм саусақтардың арасынан өте тез өтiп кетедi.

- Иә, тез өтiп кетедi екен.
- Бiз бүгiн құм туралы көп жиналықтар бiлдiк, құмда iз қолдaруға болады, сурет салуға болады. Қолмен сезiп, ойнауға болады.
- Ендi, балалар, бiз бақаға көмектесейiк, құмнан торт, печенье пiсiрiп көрейiк. Пiсiрген тортымызды бақа мен оның достарына апарамыз.
- Келiседi

**Музыка ырғағымен сергiту сәтiн орындау:**

Бiз көңiлдi бақамыз,

Тату тәттi боламыз,

Секiреміз оңға,

Секiреміз солға,

Қайталаңдар, балалар,

Жүгiрiндер жолға.

Қимылдарды көрсетедi, қайталайды.

**Дидактикалық ойын: «Сызырлы мүсiндер»**

- «Қазiр қалыпты аламыз, құрғақ құмнан торт, тоқаш жасаймыз. Сендер не байқалдыңдар?»
- Құрғақ құмнан ешнәрсе жасауға келмейдi.
- Ендi не iстеуiмiз керек. Кiм бiледi?
- Су қосу керек.
- Дұрыс айтасыздар. Торт дайындау үшiн құмға су қую керек, сонда ғана қалыптарға салып әртүрлi заттар iстей аламыз. Суқуйғышiн алып су құяды.
- Қолдарымен ұстап көрдiндер ме, құм қандай болды?
- Дымқал, су болды.
- Ендi торт, печенье жасауға болады.

**Белгiлеу парақтарымен жұмыс.**

- Балалар, құрғақ құмнан торты жасай аламыз ба?
- Жоқ, жаса алмаймыз.
- Неге?
- Өйкенi, ол құрғақ. Құрғақ құмнан торт жасалмайды.
- Дымқыл құмнан жасай аламыз.
- Әртүрлi қалыптарға дымқыл құмды тығыздап салып, табақ бетiне төңкередi, үстiндегi қалыпты ажырын алады.
- Жарайсыңдар! Қандай әдемі тағамдарды жасай аласыңдар. Бақа, саған торт, тоқаштар ұнады ма?

**Бақа:** - Иә, ұнады, өте әдемі тағамдар. Сендер менiң достарыма, әдемі торты жасадыңдар. Сендерге үлкен рахмет.

- Бүгiн кешке менiң туған күнiме келiндер.
- Қорытынды:
- Сұрақтар қолды:
- Бүгiн не қонаққа келдi?
- Бақа келдi.
- Құм қандай болды?
- Дымқал, құрғақ, сары, қоныр.
- Құмнан не жасадық?
- Торт, тоқаш жасадық.

Балаларға педагогикалық баға берiп. Балаларды мақтап –мадақтайды.

## № 2 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 02.08

**Бiлiм беру саласы:** «Денсаулық»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Дененi жан- жақты дамытатын жаттығуларды орындауды пысықтау, Қарқын мен ырғақты сақтап, қол ұстасып, шеңбер бойымен жүгiру. Шектелген алаңмен тепе-теңдiктi сақтай бiлуiн бекiту. Қатты қимылмен қолын түзулей отырып, екi қолмен кеуде тұсынан доп лақтыруға жаттықтыру.

**Қолданылатын құралдар:** Жiп, доптар, түрлi заттар

**Кiрiспе бөлiм:** Балаларды алаңға шақырады

I. Жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгiру, қолдарын жанына созып жүру, жүгiру, жүру, екi қатарға тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулары:

Бастапқы қалып: аяқты бiрге, қол төменде.

1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қол төмен.

1-оң қолды көтерiп, солға иiлу, 2-бастапқы қалып, 3-сол қолды көтерiп оңға иiлу, 4-бастапқы қалып, 4-5 рет.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қол төмен.

1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-түру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қол жанында.

1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсiру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастапқы қалыпқа келу. 4-5 рет қайталау.

III. Еркiн таныс алу жаттығулары.

**Негiзгi бөлiм:** Иректелiп қойылған жiптiң бойымен жүру. Қол

ұстасып, шеңбер бойымен жүгiру. Екi қолмен кеуде тұсынан допты қапшақтыққа лақтыру.

Ойын: «Көпiр үстiнен еңбектеу»

**Қорытынды бөлiм:** Iс-әрекетте белсендiлiк танытқан балаларды мадақтайды.

### №3 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Күні: 03.08

Білім салалары: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Аққу - қаздар»

Мақсаты: Балаларға «Аққу – қаздар» ертегісін таныстыру.

Сөздік жұмыс: Аққу, қаз, наубай-пеш, сүт бұлағы, алма ағашы.

Қостық компонент: Құстар-птица, аққу-лебедь, қаз-гусь.

Керекті қорнекілік: Ертегі мазмұны бойынша суреттер, ойынға керекті атрибуттар.

Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері:

Кел балалар, күлейік.

Күлкіменен түлейік.

Қабқ түйген не керек.

Көңілді болып жүрейік.

Терезеден көгершін ұшып кіреді. Аузында тістеген хаты бар.

Хатты береді де, көгершін ұшып кетеді.

Хатты ашып қараса, ішінде «Аққу қаздар» ертегісі жазылыпты.

Негізгі бөлім:

Еңдеше мұңайт тыңдаңдар, мен сендерге оқып берейін.

-Бағғы заманда ерлі-зайыптылардың қызы мен кішкентай ұлы болыпты. Бір күні ата-анасы бір жаққа кеткенде, құрбыларымен ойнап жүріп қыз інісін бағуды ұмытып кетіпті. Осы кезде мыстан кемпірдің үйретілген аққу-қаздары кішкентай ұлды іліп алып ұша жөнеледі. Оларды қуып жетпек болған қаз, тұра жүгірсе де жете алмай, адасып қалыпты. Келе жатса нан пісіретін наубай-пеш тұр екен.

-Наубай-пеш – бікешім, аққу-қаздар қайда ұшып кетті? - деп сұрайды қыз.

Мен пісірген тоқашымнан жесен-айтамын, -деді пеш.

Менің қарыным ашқан жоқ, -деген қыз арман қарай жүре береді.

Келе жатса алдынан алма ағашы шығады.

-Алма ағашы-аруым, аққу – қаздар қайда ұшып кетті?

-Менің алмамды жесен ғана айтамын – деді алма ағашы.

-Сенің амаларың көк шығар, - деген қыз арман қарай жүгіреді. Алдынан жағалуы тәттілерменкөмкерілген сүт бұлағы кездесті.

Сүт бұлағы – анашым, айтың, аққу-қаздар қайда ұшып кетті?

Менің тәттілерімнен жеп, сүтімді інсең ғана айтамын, - Менің қарыным ашқан жоқ, -деген қыз арман қарай жүре береді. Алдынан мыстан кемпірдің үйі шығады, терезеден қараса інісі алтын алмамен ойнап отыр екен. Қаздар үйдің арғы жағында жайылып жүр екен, інісін алып қаз қашады. Оларды қаздар құалды сүт бұлақтың тәттілерін жеп еді жағасындағы шөптермен тығып қояды. Оларды көрмей қаздар ұшып кетеді. Арман қарай жүгіреді. Алма ағашы-аруым, аққу-қаздардан құтқарым деп алмасын жейді, ол бұтақтарымен тығып қояды. Наубай-пеш – бікешім, аққу-қаздардан құтқар, тоқашың алып жейді. Ол құтқарады. Үйлеріне аман есен жетеді.

Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар:

-Балалар, ертегі ұнады ма? -Иә, ұнады.

-Ертегі не туралы айтылған? -Қыз баламен, оның інісі.

-Інісін нелер ұрлап алып кетті? -Мыстан кемпірдің аққу-қаздары.

Қызға не көмектесті? -Қызға сүт бұлағы, алма ағашы, наубай-пеш көмектесті.

Сөздік жұмыс: құстар, аққу, қаз, наубай-пеш, сүт бұлағы, алма ағашы.

Қостық компонент: құстар-птица, аққу-лебедь, қаз-гусь.

Сергіту сәті:

Қарлығаш боп ұшайық,

Торғай болып қонайық,

Сауысқан боп секіріп,

Тоқылдақ боп шокнық.

Диагностикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін танып, ажырата білуге үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту.

Қорытынды бөлім:

«Жүректен -жүресек» шеңбері: «Достық»

Кіп-кішкентай баламын,

Жақсы адам боламын.

Достарға кең жүрегім,

«Мен сендерді сүйемін».

### №4 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Күні: 04.08

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сурет салу

Тақырыбы: «Көкөністер мен жемістер»

Мақсаты: Көкөністер мен жемістердің суретін салу. Түстерді ажырата білудің шысықтау

Кіріспе бөлім: Балаларға табаққа салынған жемістерді көрсету, Сұрақ қою арқылы пішінін, түсін айтқызу, жегізіп дәмін таныту.

Негізгі бөлім: Содан соң осындай жемістердің суретін саламыз деп ұсыныс айту.

Бояумен салу әдістерін үйрету

**Қорытынды бөлім:** Іс әрекеттерді жасауда белсенді балаларды атайды, жалпы барлығын мақтап жұмыстарын қорытады

#### № 5 Ұйымдастырылған оқу қызметі

Күні: 05.08

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»  
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Әдемі көбелек»

**Мақсаты:** Көркем-ойындақ бейнелерге сай қызылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту.

**Қолданылатын көрнекі – құралдар:** Бірнеше себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған көбелек.

**Кіріспе бөлім:** Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларды көңілді қарсы алу. Біз гүлдерді терейік, Ұяғаты боп жүрейік, Анамызды қуанытып, Көңілді билеп берейік, -деп « Гүлдермен би» ( Т. Вилькорейская) жаттығуын қайталайды. Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдарын қадағалайды. Кәне, достар, тұрмайық, Гүлдерді тез жинайық! -деп гүлдерді себетке жинап салуды ұсынады.

**Музыкалық - ырғақты қимылдар:** Балалар ішке кіріп, гүлдерге көңіл аударып қарап, қызықтайды. Гүл алаңынан ұяған гүлдерді тыңдап алады. Балалар үлкендердің көрсетуімен бірге билеуге әрекет етеді. Көңілді жүгіре бастап гүлдерді себеттерге салуға талпынады.

**Музыка тыңдау:** Музыка жетекшісі себеттерді залдың ортасына қойып, көбелекті « ұшыратып » әкеледі. Ұлтаспада вальс (музыка жетекшісінің қалауымен) ойналып, көбелек сымға ырғағымен қозғалтады. Көктем қандай көрікті, Балақайлар көрітті. Дала гүлге толығты, Көбелек гүлге қонығты! -деп, көбелекті гүлдерге қондырады. -Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі көбелек! Қанаттары құлпырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық. Дауыс жаттығуы «Баспалдық» Жаттығуды айтқызады.

**Негізгі бөлім:**

**Ән үйрену:** Ән тыңдау: «Көбелек» әнінің бірінші шумағын орындап береді. Әнінің: Жанбыр жауар себелеп, Көлбеңдейді көбелек, -деген сөздерінде балалардың қолдарымен жанбыр тамшыларын, көбелек қанатын көрсетіп, қайталауларын өтінеді. Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды.

**Әуенді қимылды қозғалыс ойыны:** Гүлзардағы көбелектер» ойыны. Көбелек-ау көбелек, Ұшасың сен көлбеңдеп. Қызыл, жасыл керемет, Гүлге қонып, көбелек! -деп, балаларды ойынға шақырады. « Вальс» ойналып, ( А. Аренский), ырғағымен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында: Ақ қанатты көбелек, Көк қанатты көбелек, Бақшамызға қона кет! -деп, «көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.

**Қорытынды бөлім:** Балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін, екінші рет қайталанғанда өз еріктерімен ойлауға мүмкіндік береді, « Көбелек қандай? Қалай ұшады?» деген сұрақтар қою арқылы жасаған іс –әрекеттерін пысықтайды. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып, «ұшып» шығуды ұсынады.

**ТАМЫЗ АЙЫ - 2 апта**  
**Өтпелі тақырып: «Туған өлкенің табиғаты»**

Апта күндері	Дүйсенбі күні 08.08	Сейсенбі күні 09.08	Сәрсенбі күні 10.08	Бейсенбі күні 11.08	Жұма күні 12.08					
Білім салалары	таным	денсаулық	қатынас	шығармашылық	әлеумет шығармашылық					
Танертенгі қабылдау: уақыты 8 <sup>00</sup> -8 <sup>50</sup>  Таңғы жаттығу 8 <sup>30</sup> -9 <sup>00</sup>  Таңғы асқа дайындық 9 <sup>00</sup> -9 <sup>10</sup> Таңғы ас уақыты 9 <sup>10</sup> -9 <sup>30</sup>	<p>Балалармен сөздемесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Топтағы балалармен сөздемесуді үйрету.</p> <p>I. Жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, қолдарын жанына созып жүру, жүгіру, жүру, скі қатарға тұру.</p> <p>II. Жан-жақты дамыту жаттығулар:                      Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.                      1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет.                      Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.                      1-оң қолды көтерін, солға иілу, 2-бастапқы қалып, 3-сол қолды көтерін оңға иілу, 4-бастапқы қалып, 4-5 рет.                      Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.                      1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-тұру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.                      Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қол жанында.                      1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсіру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастапқы қалыпқа иелу. 4-5 рет қайталау.</p> <p>III.Еркін тыныс алу жаттығулары.</p> <p>Қолын жуу әдістерін пысықтау                      Таза және ұзынты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстуды, тамақтану кезінде аузын жауып асыздай, тамықты әбден шайлауға үйретуді пысықтау. Нан қыжымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. Ас ішіп болған соң ризалығын білдіру.</p>									
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: уақыты 9 <sup>30</sup> -10 <sup>15</sup>	Құрастыру «Көбелектер ұшып жүр» балаларға көбелектің суретін құрастыруға үйрету. Ойлау қабілетін жетілдіру	Дене шынықтыру «Жыланша» ирелендеп, қойылған заттардың арасымен жүруге жаттықтыру.	Сөйлеуді дамыту «Жайлауға саяхат» Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету.	Мүсіндеу «Көбелектер» көбелек туралы түсініктерін кеңейту. Көбелек мүсіндеуге үйрету.	Қоршаған ортамен таныстыру «Мен және қоршаған орта» қоршаған ортадағы заттарды тани білу.					
Серуенге дайындық 10 <sup>15</sup> -10 <sup>25</sup> Күндігі серуен 10 <sup>25</sup> -11 <sup>50</sup> Серуеннен оралу уақыты 11 <sup>50</sup> -12 <sup>00</sup>	<p align="center"><b>Бақылау және танысу:</b></p> <table border="1"> <tr> <td>Дидактикалық ойын: «Сықарлы жипшөк». Қаныштың ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.</td> <td>Денсаулық іс шарасы: Омыртқа қысаюуын алдын алу</td> <td>Желілі ойын (қайталау): «Ассана», «Емсана», «Дүкен»</td> <td>Қызығаш театр: балаларға арнай шығарылған қызығаш театрының қойылымы тамашалату</td> <td>Табиғаттағы еңбек: топ ауласын сыпарту, су шашу.</td> </tr> </table> <p align="center">ойындар:</p> <p>Өз бетінше киіну, ойыншықтарды алып шығу, қатармен жүру                      Жеке бас еркін ойындары. Балабақша ішінде серуендеу, басқа топтарды аралау. Қоршаған ортадағы заттарды тамашалап, олардың пайдалыны мақсатын түсіндіру. Үйде ата аналармен бірге әзірленген ұлттық оюларды көрсетіп тамашалау.                      Шынтақтың төмен және тізеден төмен жағы ағын суға жуыну                      Ойыншықтарды жинау, қатарға тездетіп тұру, бұзбай жүру. Киімдерін ұзынты ауыстыру.</p>					Дидактикалық ойын: «Сықарлы жипшөк». Қаныштың ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.	Денсаулық іс шарасы: Омыртқа қысаюуын алдын алу	Желілі ойын (қайталау): «Ассана», «Емсана», «Дүкен»	Қызығаш театр: балаларға арнай шығарылған қызығаш театрының қойылымы тамашалату	Табиғаттағы еңбек: топ ауласын сыпарту, су шашу.
Дидактикалық ойын: «Сықарлы жипшөк». Қаныштың ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.	Денсаулық іс шарасы: Омыртқа қысаюуын алдын алу	Желілі ойын (қайталау): «Ассана», «Емсана», «Дүкен»	Қызығаш театр: балаларға арнай шығарылған қызығаш театрының қойылымы тамашалату	Табиғаттағы еңбек: топ ауласын сыпарту, су шашу.						
Гигиеналық шаралар 12 <sup>00</sup> -12 <sup>30</sup> Түскі асқа дайындық Түскі ас уақыты 12 <sup>30</sup> -13 <sup>00</sup> Күндігі ұйқы уақыты 13 <sup>00</sup> -15 <sup>00</sup>	<p>Қолын жуу әдістерін пысықтау</p> <p>Тамықты дұрыс ішуді, қасық және шанышпағын, майлықты қолдануды, нан қыжымын шашпауды, сусын мен оорпасын төкпей ішуді пысықтау</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап н'е іліп қойуын қалыптастыру</p>									
Үйындан ояну шынығу, 15 <sup>00</sup> -15 <sup>30</sup> Бесін ас уақыты 15 <sup>30</sup> -16 <sup>00</sup>	<p>А.А. Уманскойдың нүктелі үғуі.</p> <p>Киімдерін ұзынты өздiгенен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Қыз балалар шаптарын тарап жинап қоюды үйрету.</p> <p>Қолын жуу әдістерін пысықтау                      Таза және ұзынты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстуды, тамақтану кезінде аузын жауып жууды дамыту</p>									
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті уақыты 16 <sup>00</sup> -16 <sup>45</sup>	«Тышқандар мен мысықтар» к/о	«Трамвай»к/о	«Үрпек төбет»к/о	«Күміс алу»к/о	«Допты дәлдендіктер»к/о					
Серуенге дайындық Серуендеу Үйге қайту Ата-анаға кеңес уақыты 16 <sup>45</sup> -18 <sup>00</sup>	<p>Киімдерін ұзынты өздiгенен киюін пысықтау. Қатармен жүру.</p> <p>Құрмен, бояулармен ойындар</p> <p>Күн тию және ыстық ету кезінде алғашқы көмек көрсету жөнінде кеңес</p>									

Білім беру саласы: «Табиғат»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Құрастыру

Тақырыбы: «Көбелектер ұшып жүр»

Мақсаты: балаларға көбелектің суретін құрастыруға үйрету. Ойлау қабілетін жетілдіру.

Қолданылатын көрнекіліктер: әртүрлі көлемді көбелектердің әдемі қиылған суреттері.

Үлестірімелі құралдар: қиылған дайын көбелектер, табиғат бейнеленген сурет.

Сөздік жұмыс: көбелектер, жұлдызқұрт, жәндіктер.

Үштіздік компонент: көбелек-бабочка-butterfly.

Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбер:

Көбелектер атты бақшаның,

Тәрбиелі баласы.

Үлкендерді көргенде,

Амандасып алады.

Қайырлы таң, апайлар!

Қайырлы таң, достарым!

Әңгімелесу: Көбелектің суретін көрсету.

Көбелектер жазық далада, гүлден гүлге қонып, өсімдіктердің жапырақтарына жұмыртқалайды. Жұмыртқалары жұлдызқұртқа айналады. Олар жұпты аястарымен қозғалады.

Жіпке оранып, қуыршақ пайда болады. Ол көбелектің үйі.

Біраз уақыттан соң көбелек шығып, қанаттарын кестіріп, ұшады. Көбелектің 4 қанаты болады.

Мұрттарымен ііс сезінеді.

Көбелектер гүлдің шырынымен қоректенеді, көздерімен айналып бағдарлайды. Ол тек жазғы мезгілде ғана өмір сүреді.

Міне, біз бүгін осы жәндікті, яғни көбелектің бейнесін құрастыру тәсілдермен жасап үйренеміз.

Көбелекті өзге тілдерде айтып көрейік: «көбелек – бабочка – butterfly» дейміз.

Негізгі бөлім:

Слайд көрсету.

(көбелектердің көп түрлілігі жайында)

Саусақ жаттығуы:

Түрлі – түсті қағаздан,

Қиып алып аз – аздап.

Бір – біріне жалғаймыз,

Ұзын шыяқыр жасаймыз.

Шыяқыр құртқа ұқсайды,

Көбелек боп ұшпайды.

Құрастыру тәсілі:

Балаларға алдарында қиылған көбелектердің суреті. Ұсынған көбелектердің ішінен өз қалаулары бойынша көбелек таңдайды (екі түрлі ақ көбелектердің ішінен өзіне ұнағанын таңдайды).

Көбелектің әр бөліктерін құрастырады.

Жұмыс жасау ережелерін еске салады.

Жеке дара жұмыс жүргізеді.

Көмек қажет ететін балаларға бағыт беріп, көмектесіп отырады.

Көбелектер тек қана сұлулығымен ғана қуанып қоймайды, олар гүлден гүлге қонып тозаң тасиды.

Сергіту сәті:

Жу – жу – жу – жужжит пчела,

Я лечу издалека.

Зу – зу – зу – комар пищит,

Укусить скорей спешит.

Уф – уф – уф – как паровоз,

Шмель пытит, пылячу повез.

Жук гудит: гу – жу, гу – жу,

Я любого разбужу.

Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап»

Мақсаты: көбелек қанаттарының түсіне қарай, сыңарын табу.

Қорытынды бөлім:

Әр балапаң жұмыс жасауын бақылап, суретті талдайды, мақтап-мадақтайды, суреттерді өте ұнатқанын айтып, ата-аналарына арналған көрме ұйымдастыруға ұсынғыс жасайды.

## № 2 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 09.08

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Дене шынықтыру

Мақсаты: Денені жан- жақты дамытатын жаттығуларды орындауды пысықтау. Бір орында тұрып ұзындыққа секіруді үйрету. Басқа балалармен жүгіру қарқыны мен ырғақты қадамды үйлестіре білуін бекіту. «Жыланша» ирелендеп, қойылған заттардың арасымен жүруге жаттықтыру.

Қолданылатын көрнекіліктер: Жіп, доптар, түрлі заттар

Кіріспе бөлім: Балаларды алаңға шақырады

I. Жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, қолдарын жанына созып жүру, жүгіру, жүру, екі қатарға тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулары:

Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.

1-оң қолды көтеріп, солға иілу, 2-бастапқы қалып, 3-сол қолды көтеріп оңға иілу, 4-бастапқы қалып, 4-5 рет.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.

1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-тұру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол жанында.

1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсіру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастапқы қалыпқа келу. 4-5 рет қайталау.

III. Еркін таныс алу жаттығулары.

Негізгі бөлім: Орында тұрып ұзындыққа секіру

(арақашықтығы 30 см) Жиптен ұстанып, шеңбер бойымен жүгіру. «Жыланша» ирелендеп, қойылған заттардың арасымен жүру.

Ойын «Күміс алу»

Қорытынды бөлім: Іс-әрекетте белсенділік танытқан балаларды мадақтайды.

## № 3 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 10.08

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Жайлауға саяхат»

Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға, олардың бірге тігізер пайдасын түсіндіру. Дыбыстың әртүрлі сөздерде, буында, жеке дыбыста айтылуына жаттықтыру. Сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды таза, анық айтуға дағдыландыру. Фонематикалық қабылдауын жетілдіру.

Сөздік жұмыс: Үй жануарлары, қымыз, шұбат құнарлы сусын.

Үштілік компонент: Үй жануарлары- домашние животные. Сияр – корова- cow, қой – баран- lam, ешкі- коза – goat, жылқы- лошадь – horse, түйе- верблюд – camel.

Қолданылатын көрнекіліктер: Үй жануарлардың ойыншықтар, үй жануарлардың және төлдердің үлгілері (суреттер), сыбық – құрт, қоржың, дорба, слайд, музыка таспасы, орман, мал қорғаны.

Кіріспе бөлім:

Хат келгенін хабарлайды. Хатты оқып ауылға Күнсұлу қуыршақ саяхатқа шақырғанын айтады.

Балалар хат келгені көріп қуанады. Саяхатқа баратындарына келіседі.

Тәрбиеші: Ауылға пойызға отырып баруды ұсынады. (балалар пойызға отыруға келісін қатарға тұрып өлең жолдарын айтады).

Кәне кімнің бойы ұзын,

Паровозы ол пойыздан,

Қатар-қатар тұрайық,

Паровозды құрайық.

Ал, паровозы баста алға,

Бәрімізді басқар да.

Пш – пш – пш – біз кеттік,

Жүрісті тым үдеттік.

Ту – ту – ту – ту – туілде,

Қалып қойма бәріңде.

Пш – пш – пш – біз кеттік,

Жүрісті тым үдеттік.

-Міне біз ауылға жеттік.

Негізгі бөлім:

-Бізді Күнсұлу қуыршақ күтіп тұр екен. Аман-саулық сұрасады. Ол өзінің өсірген малдарын көрсетерден бұрын жұмбақ жасыратынын айтады.

Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар.

-Жұмбақты мұхият тандап, ол үй жануары қой- деп бірінші жабылған жабуды ашады.

Слайдқа назар салуды ұсынады. Қой туралы көріністі тамашалап, өз ойымен бөліседі.

Қойдың жүнінен- текемет, шәлі, басшылық, жүн байпақ, қолғап бұйымдарын көрсетіп таңастырады. Ұлттық бұйымдарды балалар ұстап көреді.

-Балалар төлі қалай аталады?

-Төлі қозы.

-Қозы туралы тақпақ білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

Кіп – кіпкене момақан,

Қошақанды ұнатам.

Сүйеді атам «қозым» деп,

«Қошақаным өлім» деп.

-Жарайсыңдар балалар.

Келесі жабу астыңда не тұрғанын білу үшін келесі жұмбақты шешу ұсынылады.

Басында екі аяғы бар,

Төрт аяғы бар.

Адам емес, бірақ,

Негінде сақаны бар.

-Жұмбақ шешуі ешкі деп тауып, төлін атап, дақ туралы тақпақ айтады.

Шөре, шөре лағым,

Тентек болма шырағым.

Секендеме демінді ал,

Селтендемей құлағын.

-Ешкінің жүнінен не жасауға болады?

-Ешкінің жүнінен шәлі, жүн байпақ, жүн қолғап, басшылық жасайды.

-Ешкі сүті өте құнарлы болатынын түсіндіріп айтады.

Күнсұлу қуыршақ келесі жұмбақтың жасыратынын хабарлайды.

Екі найзасы бар,

Екі айнасы бар.

Төрт сылдырмағы бар,

Бір сыпырғышы бар.

-Жұмбақ шешуі сныр деп тауып, сныр туралы жаңылтпаш айтып бір-бірін жаңылдырады.

Ав, ай, Айдарбай,

Иір мүйіз снырды.

Үйіне айдай бар.

Слайдтан снырдың пайдасы мен ерекшелігі туралы мағлұматты көруді ұсынады.

-Сныр сүті өте пайдалы. Одан құрт, ірімшік, айран, май, қаттық жасайды.

Төлі туралы тақпақ айтады.

Әукім, әукім, әукешім,

Қасыншы әукешін.

Енең өне келеді,

Ақ мамасын береді.

Күнсұлу қуыршақ келесі жұмбақтың жасыратынын хабарлайды.

Кезекті бір жануар,

Үстінде екі тауы бар.

-Жұмбақтың жауабын шешіп, жасырынған түіе екенің айтады.

Слайд арқылы пайдасын көру ұсынылады.

-Түйені сауса шұбат шығады. Шұбат бойға қуат береді. Жүнінен көрпе, жүн байпақ, қолғап бұйымдарын жасауға болады.

-Күнсұлуға жаңылтпаш айтып берейік.

Түйе бізге шұбат берді,

Шұбат бізге қуат берді-деп жаңылтпаш айтып бір-бірін жаңылдырады.

-Күнсұлу келесі жұмбақтың жасырғанын түр.

Өзі сұлу, өзі жүйрік,

Жарысады желменен.

-Ол жылқы.

-Ия ол жылқы деп жабуды ашады.

Слайд арқылы жылқы туралы көрініс тамашалауды ұсынады.

Балалар мұхият көріп, өз ойларымен бөліседі.

-Жылқыны сауса қымыз шығады. Қымыз денсаулыққа өте пайдалы сусын. Оның түсі сүтке ұқсас ақ болады. Мінсе көңік т.б.

**Дидактикалық ойын: «Төлді қалай шақырады?»**

**Мақсаты:** Балаларға төлді қалай шақыратынын үйрету. Фонематикалық қабылдаудың дамуы. Тілдің дыбысталу мәдениетіне

тәрбиелеу. Сөздер мен сөз тіркестердің анық айтылуын жетілдіру. Үй жануарларының төлдерін ажыратып атауын жалғастыру.

Үй жануарлары төлдерін қалай қорғайды: қоректендіреді, қамқорлық жасайды, әдеттендіру ұғымдарын түсіндіру.

**Ойын барысы:** Қорғанда тұрған төлді алып енесін тауып жанына орналастыруды айтады.

Осы малдар туралы ән, білгерді адамдар ойлап шығарғанын суреттер арқылы түсіндіріп айтады. Мысалы: «Қара жорға» биі.

**Сергіту сәт:** «Қара жорға» биін билеп бойымызды жазып алайық.

Қымылдан нақты келтіріп, бой сергітіп билейді.

-Осы малдарды бір сөзбен қалай атайды?

-Малдарды бір сөзбен үй жануары-деп атайды.



-Жарайсындар балалар, өте жақсы.

-Күнсұлу сендермен «Ненің дауысы?» деген дидактикалық ойын ұсынғанға айтады.

**Дидактикалық ойын: «Ненің дауысы?»**

**Мақсаты:** Артикуляциялық аппараттарын дамыту және сөздер мен барлық дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алуын дамыту. Үй жануарларының дауысын ажыратуға дағдыландыру.

**Ойын барысы:** Үй таспадан үй жануарларының дауысын балалар тыңдайды.

Және естілген дыбысты балалар кезектене айтады.

Мө - Мө - Мө - (қатты дауыспен) деген бұл сиырдың дауысы. Төлі бұзыу мө-мө-мө деп жінішке(ақырын) дауыспен айтады т.б.

Балалар біз ойнап жүргенде Күнсұлудың үй жануарлары мен жабайы аңдар қосылып кетіпті оларды бөлуге көмек тессейік.

**Қорытынды бөлім:**

-Күнсұлу сендерге құрт әзірлеп қойыпты. Әр балаға кішкене дорбамен құрт береді. Әр балаға мақтап- мадақтап, педагогикалық баға береді.

-Сендерге Күнсұлу қуыршақта қонақта болғанымыз ұнаса қызыл түсті, ұнамаса көк түсті асықты таңдап алындар.

- Күнсұлу қуыршақта қонақта болғанымыз ұнады деп қызыл түсті асықтарды таңдап алып қоржынға салады.

-Балалар Күнсұлу қуыршақпен қоштасайық, топқа қайтар уақыт болды.

- Күнсұлу қуыршақ сау болыңыз!

-Сау болындар балалар, тағыда келіп тұрындар!

-Топқа автобуспен қайтайық. Жолда «Қошқаным қайда екен?» өлеңін айтайық.

#### № 4 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 11.08

**Білім салалары:** «Шығармашылық»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Мүсіндеу

**Тақырыбы:** «Көбелектер»

**Мақсаты:** көбелек туршы түсініктерін кеңейту. Көбелек мүсіндеуге үйрету.

Үш тілдік компонент: көбелек-бабочка- butterfly, жәндік-насекомое-insect, қанаттар-крылья- wings.

Қолданылатын көрнекіліктер: жәндіктердің, әртүрлі көбелектердің суреттері.

Үлестірілген материал: түрлі-түсті ермексаздар, тақтайша, көбелектің үлгісі, сұлгі.

**Кіріспе бөлім:**

**Шағтық шеңбері:**

Жарырап күнде ашылды,

Айналаға гүл шашылды,

Қайырлы күн!

Біз нәзік қыздармыз!

Қайырлы күн!

Біз ержүрек ұлдармыз!

Қонаққа Түймедақ қыз келгенін айтады.

Ол сендерден түрлі-түсті көбелектер мүсіндеп берулеріңді сұрайды.

**Негізгі бөлім:**

**Жұмбақ жасырады:**

Өзі сондай әдемі,

Гүлге келіп қонады.

Түрлі – түсті не керек,

- Ол не?

- Көбелек.

**Өңгімелесу**

Сұрақтар қояды:

- Көбелек қандай?

- Көбелек әдемі, кішкентай

- Көбелекті тағы қалай атауға болады? (Жәндік.)

- Қандай түсті көбелектерді білесіңдер?

- Көбелектердің ақ, сары, қызыл, көк түстерін білеміз.

- Көбелектің қандай дене мүшелері бар?

- Көбелектің қанаты, аяқтары, басы, мұрты бар.

Әр түрлі көбелектердің суретін слайдтар бойынша көрсетеді. Көбелекті мүсіндеуін ұсынады. Түстерді қайталайды.

**Жұмыс реттілігі:**

1. Бір ұшын жіңішкертіп таяқша есеміз – ол көбелектің тұлғасы.

2. Шар илейміз – ол басы, оны тұлғаға біріктіріп жапсырамыз.

3. Қанаттары қолденең және жұптап, тұлғаға бекітіп орналастырамыз.

4. Бейнені көздермен толықтырамыз.

5. Түрлі – түсті ермексаздан әр түрлі геометриялық пішіндерді қиып алуды ұсынады.

**Сөздік жұмыс:** көбелек, жәндік.

**Көсіткілік компонент:** көбелек-бабочка, жәндік-насекомое, қанаттар-крылья.

**Сергіту сәті:**

Көбелек – ау, көбелек.

Әлемісін, керемет.

Гүлге барып қона ғой,  
Өзінде гүл бола ғой.

**Дидактикалық ойын: «Көбелектер гүлге қонады»**

**Мақсаты:** көбелектердің түстерін ажыратуды үйрету.

Түрлі-түсті гүлдерге түстеріне сәйкес, көбелектерді орналастыруларын ұсынады.

**Қорытынды бөлім:**

Сұрақтар қояды:

- Бүтін не істедік?

- Көбелектерге қанаттары не үшін керек?

- Көбелектің денесі қандай бөліктерінен тұрады?

Мүсіндеген жұмыстарды тақтайға қойып, көрме ұйымдастыруды ұсынады.

Әдемі істелген жұмыстарды Түймедаққа сыйлауды ұсынады.

**«Жүректен-жүрекке» шеңбері:**

Мына сұлу әлемде,

Адам өмір сүреді.

Үлкен менен кішіге,

Күн сәулесін төгеді.

#### **№ 5 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

Күні: 18.08.

**Білім салалары:** «Әлеумет»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Қоршаған ортамен таныстыру

**Тақырыбы:** «Мен және қоршаған орта»

**Мақсаты:** Қоршаған ортадағы заттарды тани білу. Үйде және демалыста қолданылатын заттарды ажырата білу. Олардың қасиеттері туралы және не үшін пайдаланылатынын айту.

**Кіріспе бөлім:** Таңғы жанын

Балалар шеңберге тұрып амандасалық.

Білер қазақ баласы

Сәлем сөздің анасы

Алдымыздан кезіккен

Көп танысты көреміз

Бәріне де ізетпен

Біздер сәлем береміз. Топқа қонаққа қуыршақ келеді Қуыршақ өзі туралы әңгімелеп береді

**Негізгі бөлім:** Дидактикалық ойын «Неден жасалған?»

Балалармен бірге ғажайып орталығына барады. Ойыншықтардың түрі олар неден жасалғаны туралы әңгімелесу тәжірибе жүзінде көрсету. Ойыншықтарды жасалған материалдарына қарай топтастыру. Ойыншықты күтіп ұстау ережесімен таныстыру

**Ойын орталығы.** Желілі рөлді ойын «Кіші сауда маркеті»

**Қорытынды бөлім:** Қуыршақ кейіпкер балаларға рахмет айтып сұрақ жауап әдісі арқылы іс- әрекетті қорытындылайды

**ТАМЫЗ АЙЫ - 3 апта**  
**Өтпелі тақырып: «Туған өлкенің табиғаты»**

Апта күндері	Дүйсенбі күні 15.08	Сейсенбі күні 16.08	Сәрсенбі күні 17.08	Бейсенбі күні 18.08	Жұма күні 19.08
Білім салалары	таным	денсаулық	қатынас	шығармашылық	әлеумет шығармашылық
Танертенгі кыбылдау; уақыты 8:00-8:30 Таңғы жаттығу 8:30-9:00 Таңғы асқа дайындық Таңғы ас уақыты 9:00-9:30	<p>Балалармен сөлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау. Топтың балалармен сөлемдесуді үйрету.</p> <p>I. Жүру, аяқпен ұшымен жүру, жүгіру, қолдарын жанына созып жүру, жүгіру, жүру, екі қатарға тұру. II. Жан-жақты дамыту жаттығулар: Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде. 1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен. 1-оң қолды көтеріп, солға иілу, 2-бастапқы қалып, 3-сол қолды көтеріп оңға иілу, 4-бастапқы қалып, 4-5 рет. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен. 1-қолды аға созу, 2-отыру, 3-тұру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қол жанында. 1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсіру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастапқы қалыпқа келу. 4-5 рет қайталау.</p> <p>III. Еркін таныс алу жаттығулары. Қолын жуу әдістерін пысықтау Таза және ұзын тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиғанын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. Ас ішіп болған соң ризалығын білдіру.</p>				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: уақыты 9:30-10:15	Жаратылыстану «Құстар» Құстар туралы не білгендерін естеріне түсіру. Жаз мезгіліндегі құстардың тіршілігіне бақылау жасау.	Дене шынықтыру Қолбеу тастай бойымен сибектеуге жаттықтыру.	Қыркем әдебиет «Құмырсқа» ертегісі	Сурет салу «Қызыл қонды» Балаларға суреттеудің реттілік дағдыларын бекіту.	Музыка «Әдемі көбелек» Қимылдарға сәйкестендіріліп өту, сезіну, ән айту қабілеттерін пысықтау.
Серуенге дайындық 10:15-10:25 Күндізгі серуен 10:25-11:50 Серуеннен оралу уақыты 11:50-12:00	<b>Бақылау және танысу:</b>				
	Шебер қолдар өнері: Құрастырмалы материалдардың түрлі үйлер жөніп құрастыру	Қимылды ойын (қайталау):	құстар Әуеш пен тауықты бақылау	Музыкалық іс-шаралар: Жігіттер шеруі	Үй жөнұарлары: Балапанды тамашалау
	ойындар:				
	<p>Реттілікпен киіну, қатармен жүру. Жеке бие еркін ойындары мен «_____» эстафеталық жарыстар ұйымдастыру. Шарлармен ойындар ұйымдастыру. Құстарға бақылау жасау, оларға қамқор болуды, топтың немесе балабақшаданғы құстарға күтім жасап, жем су беру. Шынтақтан төмен және тізеден төмен жағын ағын суға жуыну Ойыншықтарды жөндеу, қатармен жүріп топқа оралу. Реттілікпен шешініп, киімдерін ұқыпты жөндеу</p>				
Гигиеналық шаралар 12:00-12:30 Түскі асқа дайындық, Түскі ас уақыты 12:30-13:00 Күндізгі ұйқы уақыты 13:00-15:00	<p>Қолын жуу әдістерін пысықтау</p> <p>Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиғанын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жөндеу немесе ішіп қойып қалыптастыру</p>				
Үйден ояну шынығу 15:00-15:30 Бесін ас уақыты 15:30-16:00	<p>А.А. Уманскийдің нұқтөл үті.</p> <p>Киімдерін ұқыпты өздігінен киюі Түймелерін қадау, сырмаларын ояту, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Қыз балалар шаптарын тарап жөндеу жөндеу үйрету. Қолын жуу әдістерін пысықтау Таза және ұзын тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жууды дамыту</p>				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті уақыты 16:00-16:45	«Мысық пен тышқан» Қуыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрсен қойылымның желісі мен ондағы кейіпкерлер туралы әңгімелесу	«Поэда» Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу;	«Кім жылдам» қимылды ойын «Мен атамның көмегімен» тақырыбында әңгімелесу	«Қоңдыр мен қасқырлар» «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексодан мүсіндеу	«Трамвай» қимылды ойын
Серуенге дайындық Серуендеу Үйге қайту Ата-анаға кездесу уақыты 16:45-18:30	<p>Реттілікпен киіну, қатармен жүру. Құрмен сүмен ойындар.</p> <p>Жалғыз сәуіқтыру кезеңінде отқалған шараларды қорытындылап, талқылау.</p>				

### № 1 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 15.08

**Білім беру саласы:** «Таным»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Жаратылыстану

**Тақырыбы:** «Құстар»

**Мақсаты:** Құстар туралы не білетіндерін естеріне түсіру. Жаз мезгіліндегі құстардың тіршілігіне бақылау жасау.

**Кіріспе бөлім:** Балаларды мал қораға барамыз деп апару. Ол жерде ірі ойыныштар сиыр, ат, қой, ешкі орналасқан. Өр жануарды жеке балалардың алдына шығарып оның атын дене құрылысын, адамға не беретінін сұрайды

**Негізгі бөлім:** Осы кезде қоратан сыбыр естіледі балалар барып қарайды онда малдың төлдері екен балаларды екі шағын топқа бөліп, бірі жануарлар анасы болып дауыстап төлін шақырады, ал екіншілері төлі боп дауыстап келіп, жұптасып бір қатарға тұрады. Содан соң жануарларды қораға апарып қамап ортаға «қошақан» биін билеуге шығады

**Қорытынды бөлім:** Балалардың әрекетін қолдап бағалайды

### № 2 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 16.08

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Денені жан- жақты дамытатын жаттығуларды орындауды пысықтау. Аланның бір жағынан екінші жағына жеңіл және ырғақты жүгіруді, өзінің жүгіруін басқа балалардың жүгіруімен үйлестіруді үйрету. Заттардан аттап жүруде тұрақты тепе-теңдікті сақтай білуін бекіту. Көлбеу тактай бойымен еңбектеуге жаттықтыру.

**Қолданылатын көрнекіліктер:** Жіп, доптар, түрлі заттар

**Кіріспе бөлім:** Балаларды алаңға шақырады

I. Жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, қолдарын жанына созып жүру, жүгіру, жүру, екі қатарға тұру.

II. Жан-жақты дамыту жаттығулары:

Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.

1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.

1-оң қолды көтеріп, солға иілу, 2-бастапқы қалып, 3-сол қолды көтеріп оңға иілу, 4-бастапқы қалып, 4-5 рет.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.

1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-тұру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.

Бастапқы қалып аяқ арасы ашық, қол жанында.

1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсіру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастапқы қалыпқа келу. 4-5 рет қайталау.

III. Еркін тыныс алу жаттығулары.

**Негізгі бөлім:** Аланның бір жағынан екінші жағына жүгіру (арақашықтығы 10 м). Еденде жатқан заттардан аттап жүру (олардың арасының арақашықтығы 20 см), тепе-теңдік. Гимнастикалық қабырғаның екінші көлденең екінші салмағында бекітілген көлбеу тактай бойымен еңбектеу.

Ойын: «Ақырын өт»

**Қорытынды бөлім:** Іс-әрекетте белсенділік танытқан балаларды мадақтайды.

### № 3 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 17.08

**Білім беру саласы:** «Қатынас»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Көркем әдебиет

**Тақырыбы:** «Құмырсқа» ертегісі

**Мақсаты:** балаларға ертегі арқылы еңбекқор болуға, көпшіл, досқа адал болуға үйрету. Ертегі мазмұнын әңгімелеп беру, қайталап айтуға үрету.

**Сөздік жұмыс:** құмырсқа, ара.

**Қостық компонент:** құмырсқа-муравей, ара-пчела.

**Керекті көрнекілік:** Ертегі мазмұны бойынша суреттер, ойынға керекті атрибуттар.

**Кіріспе бөлім:**

Шаттық шеңбері:

Кел балалар күлейік

Күлкіменен түлейік

Қабак түйін не керек

Көңілді боп жүрейік

**Негізгі бөлім:**

-Менің айтатын ертегім «Құмырсқа» деп аталады. Сендер мұқият тыңдаңдар.

- «Бір құмырсқа өз илеуіндегі тобынан бөлініп, сол маңдағы ара, қоңыз секілді жәндіктермен дос болыпты. Бірде жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алады. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, дәнді орнынан қозғалта алмайды. Сонан соң көмек сұрап өзінің қанытты достарын іздейді. Бір уақытта гүлден-гүлге қонып жүргенараға жолығады.

«Досым бір дән тауып алдым, жалғыз өзім көтере алмадым. Маған көмектесіп жіберші!»-деп өтінді. «Көрмей тұрсын ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой» -деп ара қонбей қойды. «Жарайды мейлі!»-деп құмырсқа әрі қарай жүріп кетеді.

Ол енді қонызды тауып алады. Мән-жайды айтып көмек сұрайды.

«Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын» -деп қоңыз ызыңдап ұшып кетеді. Достарынан күдері үзілген құмырсқа мұнайып қайтып келе жатады. Жолда өзінің илеулестерімен ұшырасып қалады. Олар мұның түрін көріп:

«Саған не болған не істеп жүрсің?» деп жөн сұрайды.

Құмырсқа басынан кешкен оқиғаны, баяндап береді.

Жалғыздық деген осы, - деп илеулестері құмырсқаны жұбатып, дәнін көтеріп, алып кетеді. Осылай құмырсқа өз достарына қайта қосылады.

#### **Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар:**

Ертегідегі құмырсқаның достарын атаңдар?

-Олар неге құмырсқаға көмектеспеді?

-Құмырсқа мұнайып келе жатқанда немен кездесті?

-Балалар, құмырсқалар еңбекқор, ұйымшыл, тату екен.

-Ертегідегі құмырсқаның достарын атаңдар?

-Олар неге құмырсқаға көмектеспеді?

-Құмырсқа мұнайып келе жатқанда немен кездесті?

-Балалар, құмырсқалар еңбекқор, ұйымшыл, тату екен.

-Еңбек, дос туралы мақал-мәтел кім біледі?

**Сөздік жұмыс:** құмырсқа, ара.

**Көстілдік компонент:** құмырсқа-муравей, ара-пчела.

**Сергіту сәті:** Сижарлы сандықша ашылып көңілді әуен ойналып, балаларды әуенмен билеуге шақырады.

One, one, one

I can run

Two, two, two

I can jump too

Thru, thru, thru

Look at me .....

**Дидактикалық ойын: «Өз орныңды тап»**

**Мақсаты:** Жәндіктер мен құстарды ажырата білуге үйрету.

**Қорытынды:**

(Сұрақтар қояды)

-Ертегідегі құмырсқаның достарын атаңдар?

-Олар неге құмырсқаға көмектеспеді?

-Құмырсқа мұнайып келе жатқанда немен кездесті?

-Соңында дәнді көтерісуге нелер көмектеседі?

-Соңында құмырсқа қайда барды, қай достарымен қалды?

-Кәрі құмырсқа қандай мақал айтты?

-Ал құмырсқа,

қоңыз, араны түгелін бір сөзбен қалай айтамыз?

**Тақия масқалар таңдап алып рольдерге бөлініп ойнауды ұсынады.**

Ақбота TV арнасы өз жұмысын бастайды. Сіздерге «Құмырсқа» сахналық қойылымын ұсынамыз. Жарайсыңдар, құмырсқа өз жолында кімдермен кездескенін есіне түсіруге көмектестіңдер.

**Қорытынды бөлім:** Бүгінгі іс-әрекетіміз ұнса гүлге көбелекті орналастырыңдар, егер ұнамаса араны орналастырыңдар.

#### **№ 4 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

Күні: 18.08

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сурет салу

**Тақырыбы:** «Қызыл қоңыз».

**Мақсаты:** Балаларға суреттеудің реттілік дағдыларын бекіту.

**Демонстрациялық материалдар:** жәндіктердің суреті, ертегі кітап, үлгі.

**Үлестірмелі материалдар:** қағаз, бояу, гуашь, қықалам, губка, тақтайша, су, құятын ыдыс, сүлгі.

**Үш тілдік компонент:** жәндіктер- насекомые-insects, құмырска-муравей-ant, өрмекші-паук-spider, қоңыз-жук-beetle, а bee – ара – печаль, қызыл қоңыз (ханқызы) -божья коровка.

**Кіріспе бөлім:**

**Шаттық шеңбері:**

Қоршаған өмір әлемі,

Не деген көркем әлемі.

Сол сұлулықты сақтайық,

Мадақтайық, мақтайық!

Қуыршақ **Айгүл** қонаққа келгенін хабарлайды. Қуана қарсы алады, амандасады.

Қуыршақ **Айгүл** құр келмейті, ол өзімен бірге жұмбақтар әкеліпті.

**Негізгі бөлім:**

-Сендер жұмбақтарды шешуді жақсы көресіңдер ме?

-Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер мұқит тыңдаңдар. (сурет арқылы көмектесу)

**Жұмбақтар:**

Үшқанда өлең айтады,

Қонғанда жер қазады.

Мұны да ойлап көріңіз

Шешуін кім табады? (Қоңыз)

Қылдай белі бүгілген,

Өзінен де жүрегі үлкен. (Құмырска)

Құралы өрі ермеген,

Тоқитұғын өрмегі. (Өрмекші)

- Бір сөзбен оларды қалай атауға болады?

- Жәндіктер.

**Дидактикалық ойын: «Туысын тап»**

Шарты: Алдарындағы жануарлар, жәндіктер, құрттардың суреттерін топтауды ұсынады. Алдарындағы тапсырманы ендіктерінен орындайды.

**Үш тілдік компонент:** жәндіктер- насекомые - insects, қызыл қоңыз (ханқызы) -божья коровка, құмырска-муравей-ant, өрмекші-паук-spider, қоңыз-жук-beetle. Сөздерді хормен, жеке қайталайды.

**Сергіту сәті:**

Фоку шапалақтайды!

Clap! Clap! Clap!

Фоку аяғын топылдатады!

Stamp! Stamp! Stamp!

Фоку секіреді!

Hop! Hop! Hop!

Фоку жүреді!

Step! Step! Step! педагогтің артынан сергіту сәтінің қимылдарын қайталайды.

**Жұмыс реттілігі:**

-Кляксография техникасымен таныстыруды жалғастыру.

-Сурет симметриялы болып шығу үшін, қағаз парағын екі бүктеу, сонан соң оны аударып, бояу тамшысын бүгілген жерге жақын орналастыру.

-Парақты белгіленген жерден тағы бүктеп, бояуды парақтың жиектеріне қарай қолмен сипау.

-Жіңішке қылқаламмен қоңыздың мүртшаларын салу. Мұқият қарайды, тыңдайды.

**Дидактикалық ойын: «Қарап ал да, есіңе сақта».**

Шарты: Айгүл балалармен бірге жәндіктерді ажыратуға тырысады.

Жәндіктердің мүляждарын алып топтастырады.

**Қорытынды бөлім:**

- Айгүл бізбен бірге не жасады?

- Айгүл бізбен бірге қызыл қоңыз жасады.

Айгүл балаларға риза болып, қоштасады.

**Рефлексия:**

Күн, мен сені сүйемін,

Саған бас немін.

Жылу бер, бақыт бер,

Мейірім мен шабыт бер.

Бәрі бірге айтады.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»  
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әдемі көбелек»

Мақсаты: Көркем-ойындақ бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін әрі қарай дамыту.

Қолданылатын көрнекі – құралдар: бірнеше себетке салынған гүл шоқтары, сымға қондырылған қағаздан жасалған себетек.

Кіріспе бөлім: Зал ішіне гүлдер қойылып, «гүл алаңы» жасалады. Балаларды көңілді қарсы алу. Біз гүлдерді терейік, Ұқыпты бол жүрейік, Анамызды қуанып, Көңілді билеп берейік,-деп «Гүлдермен би» (Т. Вилькорейская) жаттығуын қайталайды. Әуен ырғағын тыңдап, жеңіл, еркін қимылдауларын қадағалайды. Кәне, достар, тұрмайық, Гүлдерді тез жинайық!-деп гүлдерді себетке жинап салуды ұсынады.

Музыкалық - ырғақты қимылдар: Балалар ішке кіріп, гүлдерге көңіл аудара қарап, қызықтайды. Гүл алаңынан ұнаған гүлдерді таңдап алады. Балалар үлкендердің көрсетуімен бірге билеуге әрекет етеді. Көңілді жүтіре бастап гүлдерді себеттерге салуға талпынады.

Музыка тыңдау: Музыка жетекшісі себеттерді залдың ортасына қойып, көбелекті «ұшырып» әкеледі. Үйтәсілада вальс (музыка жетекшісінің қалауымен) ойналып, көбелек сыман ырғақпен қозғалтады. Көктем қандай көрікті, Балақайлар көрікті. Дала гүлге толыпты, Көбелек гүлге қоныпты!-деп, көбелекті гүлдерге қондырады. -Балалар, шірәңдаршы, қандай әдемі көбелек! Қанаттары құшырып, көз тартады. Көбелекті гүлге қондырдық, енді ән тыңдайық. Дауыс жаттығуы «Баспадақ» Жаттығуды айтызады.

Негізгі бөлім:

Ән үйрену: Ән тыңдау: «Көбелек» әннің бірінші шумағын орындап береді. Әннің: Жаңбыр жауар себелеп, Көлбендейді көбелек,-деген сөздерінде балалардың қолдарымен жаңбыр тамшыларын, көбелек қанатын көрсетіп, қайталауларын өтінеді. Ән жөніне сәйкес педагогпен бірге қимыл-қозғалыс жасауларын бақылайды.

Әуенді қимылды қозғалыс ойыны: Гүлзардағы көбелектер» ойыны. Көбелек-ау, көбелек, Ұшасың сен көлбендеп. Қызыл, жасыл керемет, Гүлге қонышы, көбелек!-деп, балаларды ойынға шақырады. «Вальс» ойналып (А. Арениский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында: Ақ қанатты көбелек, Көк қанатты көбелек, Бақшамызға қона кет!-деп, «көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.

Қорытынды бөлім: Балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін, екінші рет қайталанғанда өз еріктерімен ойлауға мүмкіндік береді. «Көбелек қандай? Қалай ұшады?» деген сұрақтар қою арқылы жасаған іс –әрекеттерін пысықтайды. Залдан әуен ырғағымен көбелектер болып, «ұшып» шығуды ұсынады.

**ТАМЫЗ АЙЫ - 4 апта**  
**Өтпелі тақырып: «Туған өлкенің табиғаты»**

Апта күндері	Дүйсенбі күні 22.08	Сейсенбі күні 23.08	Сәрсенбі күні 24.08	Бейсенбі күні 25.08	Жұма күні 26.08
<b>Білім салалары</b>	таным	денсаулық	қағынас	шығармашылық	әлеумет шығармашылық
Танертенгі сабылдау: 8 <sup>00</sup> - 8 <sup>30</sup> уақыты  Танғы жаттығу 8 <sup>30</sup> - 9 <sup>00</sup>  Танғы асқа дайындық 9 <sup>00</sup> - 9 <sup>10</sup> Танғы ас уақыты 9 <sup>10</sup> - 9 <sup>30</sup>	<p>Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайың көңіл күйің сұрау. Топтағы балалармен сәлемдесуді үйрету.</p> <p>I. Жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, қолдарын жанына созып жүру, жүгіру, жүру, екі қатарға тұру. II. Жан-жақты дамыту жаттығулар: Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде. 1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қол төмен. 1-оң қолды көтеріп, солға иілу, 2-бастапқы қалып, 3-сол қолды көтеріп оңға иілу, 4-бастапқы қалып, 4-5 рет. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қол төмен. 1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-тұру, 4-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау. Бастапқы қалып аяқ арасы ашық қол жанында. 1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсіру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастапқы қалыпқа келу, 4-5 рет қайталау. III. Еркін тыныс алу жаттығулары. Өз бетінше қолдарын жуып, өз орнына отыру Таза және ұялпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиқыман шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. Ас ішіп болған соң ризылығын білдіру.</p>				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: уақыты 9 <sup>30</sup> - 10 <sup>15</sup>	Құрастыру «Менің көшеме» (ұжымдық жұмыс) қалымыздың даңғыл, көшелері туралы түсінік беру	Дене Жүгіру кезінде сигнал бойынша өз орын тауып алу. Дөңгі жоғары лақтыру және оны екі қолымен қағып алу жаттығуларын пысықтау	Сөйлеуді дамыту «Табиғат-алтын ұя» Балалардың қоршаған ортаға деген қозғарысын кеңейтіп, адаммен табиғаттың тығыз байланыста екеніне көздерін жеткізу	Жансыру «Саңырауқұлақтар» геометриялық пішіндерден саңырауқұлқты жасуды үйрету	Қоршаған ортамен таныстыру «Отбасым» Отбасы мүшелері туралы сұрау. Олардың ішінде мектепке баратын оқушылардың бар жоқтығын сұрау.
Серуенге дайындық 10 <sup>15</sup> - 10 <sup>25</sup> Күндізгі серуен 10 <sup>25</sup> - 11 <sup>50</sup> Серуеннен оралу уақыты 11 <sup>50</sup> - 12 <sup>00</sup>	<p align="center"><b>Бақылау және танысу:</b></p> <p>Табиғат ауа райы: Табиғаттағы өзгерістерді тамашалау</p> <p>Қиымды ойын «Алтын сақ»</p> <p>Қуыршақ театры қайталау «Бауырсақ» ертегісін тамашалау</p> <p>Музыкалық іс шара «Қош бол жайдары жаз»</p> <p>«Көңілді дом» үйірмесі Дөңгімен суда ойнау</p> <p align="center">ойындар:</p> <p>Өз бетінше киіну дағдыларын пысықтау, қатармен жүруді бекіту. Жеке бас еркін ойындары: Ойындар арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу. Шынтақтан төмен және тізеден төмен жылы ағын суға жуыну Қатарды бұзбай жүру, киімдерін реттілікпен шешіп, шафқа ұялпты жайғастыру</p>				
Гигиеналық шаралар, 12 <sup>00</sup> - 12 <sup>30</sup> Түсөт асқа дайындық, Түсөт ас уақыты 12 <sup>30</sup> - 13 <sup>00</sup> Күндізгі ұйқы уақыты 13 <sup>00</sup> - 15 <sup>00</sup>	<p>Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.</p> <p>Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқаны, майлықты қолдануды, нан қиқыман шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап н/е іліп қойуын қалыптастыру</p>				
Ұйқыдан ояну шығысу, 15 <sup>00</sup> - 15 <sup>30</sup> Бесін ас уақыты 15 <sup>30</sup> - 16 <sup>00</sup>	<p>А.А. Уманскийдың нүктелі үгі.</p> <p>Киімдерін ұялпты өлдігенен киюі Түймелерін қалау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Қыз балалар шаштарын тарап жинап қоюды үйрету.</p> <p>Өз бетінше қолдарын жуып, өз орнына отыру Таза және ұялпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту</p>				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті уақыты 16 <sup>00</sup> - 16 <sup>45</sup>	«Тырналар» к/о	«Сақона алу» к/о	«Қозн мен қасқыр» к/о	«Трамвай» к/о	«Шыбыққа қалмақ кигізу» к/о
Серуенге дайындық Серуендеу Үйге қайту Ата-анаға кеңес уақыты 16 <sup>45</sup> - 18 <sup>00</sup>	<p>Киімдерін ұялпты өлдігенен кию, реттілік сақтап жүру Сумен, құммен, бояулармен ойындар ұйымдастыру.</p> <p>Жаңа оқу жылына дайындық туралы кеңестер беру</p>				



## №1 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 22.08

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Құрастыру

Тақырыбы: «Менің көшем» (ұжымдық жұмыс)

Мақсаты: Қаламыздың даңғыл, көшелері туралы түсінік беру. Өздері тұратын көшенің атын білу керектігін үйрету. Ұжымдық жұмыс жасауға үйрету.

Сөздік жұмыс: Менің көшем, даңғыл, алаң, саябақ, мұражай, театр, ескерткіш, көпір.

Көстілділік компоненті: Көше-улица, қала-город, даңғыл - проспект.

Беректі құралдар: Үлкен және кіші кубиктер, жолдар, жол белгілері.

Кіріспе бөлім:

Балалар құрылыс орталығында отырады.

**Шаттық шеңбері**

Достарымның барлығын,

Сыйлап, жақсы көремін.

Алақаным арқылы,

Жылуымды беремін.

Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Қонаққа Семейбек келеді, ол қалада тұрғысы келетінін айтады.

Амандасып, қаламен таныстыруға уәде береді.

**Әңгіме жүргізіледі:**

Қартаны көрсете отырып, мұның Қазақстан Республикасы екенін әңгімелейді. Біз тұратын қаланы көрсетеді, өздерінің көшелерін айтуды ұсынады.

- Біздің Республикамыз қалай аталады?
- Қазақстан Республикасы деп аталады.
- Біз тұратын қала қалай аталады?
- Атамекен қаласы.
- Атамекен қаласы сендерге ұнай ма?
- Ұнайды, өте әдемі және таза қала.
- Сендер өз қалаларыңды жақсы көресіңдер ме?
- Иә, біз өз қаламызды жақсы көреміз.
- Көшелеріңнің аты қалай?
- Көшелеріңнің аттарын айтады.
- Қаламыз таза болу үшін біз не істейміз?
- Қағаздарды тастамаймыз.
- Мүсіндерді, ескерткіштерді сындырмайсыңдар ма?
- Жоқ, сындырмайтындарың айтады.

Слайд арқылы \_\_\_\_\_ даңғылын, \_\_\_\_\_ даңғылын таныстыру.

Даңғыл мен көше ерекшелігін түсіндіру. Көшенің екі жағында зәулім үйлер, дүкендер, сән салондар, орталық алаң, саябақ, мұражай, театр, ескерткіштер орналасқан. Қала жолдары кең болады.

Семейбек өзі тұратын ауылының суретін алып келіпті. (Ауыл суреттерін көру)

-Ауыл жолдары тар және топырақ, тас жолдар болады.

Көстілділік компонент: көше-улица, қала-город.

Сөздерді орыс және қазақ тілдерінде қайталайды.

Сөздік жұмыс: менің көшем, алаң, саябақ, мұражай, театр, ескерткіш, көпір.

Сөзді жекелеме, хормен қайталайды.

**Құрастыру тәсілін көрсету.**

1. Барлық бөлшектерді дайындаймыз.
2. Қала көшелерін келтіру.
3. Кинотеатрлар, зәулім үйлер, сән салондар, орталық алаң, саябақ, мұражай, театр, ескерткіштер, дүкендерді құрастыру.

Құрастыру тәсілдеріне үлгіге қарай отырып қаланы құрайды.

**Сергіту сәті\***

Тату болсын еліміз,

Бүтін болсын жеріміз.

Бір шаңырақ астына,

Жиналайық келіміз.

Қимыл қозғалыстарын келтіре отырып, сергиді.

Атамекен қаламыздың көшенің фотосуретін көрсетеді:

\*Мынау қала көшелері.

\*Мынау кинотеатрлар, онымен қоса балаларға қоньки тебетін мұз айдыны бар екенін айтады.

Қала, көшенің фотосуретіне қарап, көрсете отырып әңгімелеп береді.

- Сендер ата-аналарыңмен саябаққа, мұражайға, театрға, барасыңдар ма?
- Демалыс күндері аға, апайларымен баратындарың айтпады.
- Тақпақ айта жүріп қала көшелерін құрастыруды жалғастырады.

**Қорытынды бөлім:**

- Қонаққа кім келгенін сұрау? (Сұрақтарға толық жауап беруге тырысады)
- Біз қай қалада тұрамыз?
- Сендерге тұратын қалаларың ұнай ма?
- Тұратын көшелеріңнің аты қалай аталады?
- Онда нелер бар?
- Көше не үшін керек?
- Көліктер жүруге керек.
- Көше тәртібі не үшін керек?

Жұмысты қорытындылау және талдау.

Семейбек балаларға рақметін айтып қоштасады.

Семейбекпен балалар қоштасады.

Балаларды мақтап-мадақтау.

**«Жүректен жүрекке» шеңберіне шақырады.**

**«Отан-атамекен»**

Балалар қол ұстасып, тәрбиешінің айтқанын қайталайды:

Отанды әркім анасындай,

Қастерлейді бағалап.

Өйткені, Отан баласындай,

Бізді өсірер аялап.

Отан деген – атамекен.

Отан деген – туған жер.

Отан-ана,

Отан – үлкен,

Қазақстан – туған ел!

**№ 2 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

Күні: 23.08

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Жүгіру кезінде сигнал бойынша өз орын тауып алу. Допты жоғары лақтыру және оны екі қолымен қағып алу жаттығуларын пысықтау.

**Қолданылатын құралдар:** Доптар

**Кіріспе бөлім:** Тәрбиеші балаларды ашық алаңға шақырып жалпы дамытушы жаттығуларды жасатады.

**Негізгі бөлім:** Балаларға үлкен доптарды ұсынып шеңбер бойлап жүргізу, тоқтап ортаға қарап тұрғызып әр балаға допты тәрбиешіге лақтырғызу және оны екі қолмен қағып алуды үйретеді. Содан соң балалар допты басына қойып жердегі жолақша үстімен жүру мен допты себетке салуды ұйымдастырады.

Қимылды ойын « Өз түсінді тап»

**Қорытынды бөлім:** Балаларды ортаға жинап бүгінгі іс-әрекеттерін қорытындылайды, мақтап, мадақтайды.

**№ 3 Ұйымдастырылған оқу қызмет**

Күні: 24.08

**Білім салалары:** «Қатынас»

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Сөйлеуді дамыту

**Тақырыбы:** «Табиғат-алтын ұям»

**Мақсаты:** балалардың қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп, адаммен табиғаттың тығыз байланыста екеніне көздерін жеткізу.

**Сөздік жұмыс:** жауын.

**Үштілдік компонент:** табиғат-природа-nature

**Керекті құралдар:** жаз мезгілінің, аң-құстардың суреттері.

**Кіріспе бөлім:**

**Шаттық шеңбері:**

- Балалар, қуанышымызды бір - бірімізге жеткізейік.

Біз қандаймыз, қандаймыз

Шұғылалы таңдаймыз

Күлімдеген күндейміз  
Ренжуді білмейміз  
Қуанамын менде  
Қуанасын сенде  
Қуанайық достарым  
Арнайлап атқан күнге

#### Негізгі бөлім:

##### Әңгімелесу:

- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Бір жылда неше төрт мезгілі бар.
- Ал жаздың белгілерін маған кім айтып береді?
- Балалар, есік қаққандай болды ма? Кім болды екен?

Тонка қонаққа Крош келеді. Амаңдасып, өзінің достарына ренжіп кетіп қалғанын айтады.

**Крош:** - мен ақылдымын, ал олар сен ештеңе білмейсің деп ренжітеді. Маған ақылды болуға көмектесіңдерші.

Тәрбиеші Крошка балалармен отырып, білімін толықтыруға ұсыныс жасайды

- Алдымен балалар мен сендерге табиғат әлеміне байланысты жұмбақтар жасырайын. Осы жұмбақтардың жауабы  
бездің жаңа оқу қызметімізге байланысты.

##### Жұмбақ жасырады:

Ташмен кезін ашады

Өсім нұрын шашады (Күн)

- Балалар адамдар күннің жарығы және жылуынсыз өмір сүре алама?
- Ал жануарлар мен өсімдіктер ше?
- Әрине жоқ, жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне сәулелі, жарық, жылу өте қажет балалар.

Дәмі де жоқ, түсі де жоқ

Пайдаланбас күсінде жоқ

Бір нәрсе жермен көктің арасында

Көрмейді өзі түгіл қарасында

Билібей жер бетінде жүрсе дағы

Пайдалы адамзаттың баласына (Ауа)

- Ал ауасыз тіршілік етуге бола ма?
- Жоқ.
- Жан – жануарларға да, адамдарға да күннің сәулесі өте қажет.
- Бүгін біз осы бізге өмір сыйлаған, қоршаған орта табиғат туралы сыр шертеміз.
- Алдымен мен сендерге Н. Жанаев ағамыздың "Табиғат анамыз" деген өлең жолдарын оқып берейін.

##### Өлең оқиды.

Табиғат ол анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Құшағында ойнаймыз,

Шаттық әнге саламыз.

Жаңа аралап тауыңда,

Барамыз біз бауыңда.

Өзеніне шомылып,

Жүтіреміз жауыңда.

##### Өлеңнің мазмұнын түсіндіру.

- Өлеңде не туралы айтылған?
- Табиғатқа баламыз дегенді қалай түсінесіңдер?

##### Сөздік жұмыс:

- «Жауын» деп жанбыр жауғанды айтады.

##### Дидактикалық ойын: «Жақсы - жаман»

**Шарты:** жақсы - жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап «Жақсы» қасиет болса қол шапалақтау, жаман қасиет болса тыныш отыру.

Гүлдерге су құю - қол шапалақтау

Ағаштарды сындыру - тыныш отыру

Құстарға жем беру - қол шапалақтау

Құстардың ұясын бұзу - тыныш отыру

Гүлдер жүлу - тыныш отыру

Құстарға ұя жасау - қол шапалақтау

- Егер сен табиғаттан бір зат алатын болсаң, онда оған да бірдеңе бер. Ағаш отырғызу, бұлақтың көзін аш, құстарға жем бер, сонда ғана ол керемет және бізге пайдасы болады.

Табиғат орысша «природа», ал ағылшынша «nature» деп айтылады.

##### Қорытынды бөлім:

- Табиғат – біздің алтын ұямыз, үйіміз. Сол себептен оны аялап ұстауымыз керек.
- Қазақ халқында мынадай мақал бар, соны есте сақтап алайық.

### Мақал – мәтел айту.

- Бір тал кессен, он тал ек.

### «Жүректен жүрекке» шеңбері

#### «Табиғат-Ана»

- Табиғатта бәрі өзгеше әсем. Ендеше, былай бірге айтайық:

Табиғат ол – анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Құлағыңда ойнаймыз,

Шаттық әнге саламыз.

Қрош қоштасып, рақметін айтып, үйіне кетіп қалады.

### № 4 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 25.08

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық».

**Ұйымдастырылған оқу қызмет:** Жапсыру

**Тақырыбы:** «Саңырауқұлақтар»

**Мақсаты:** геометриялық пішіндерден саңырауқұлақты жасауды үйрету.

**Демонстрациялық материалдар:** Үлгі сурет, саңырауқұлақтар бейнеленген плакат.

**Үлестірмелі материалдар:** Түрлі түсті қағаздар, желім, қайшы, қылқалам, сүлгі.

**Қостілдік компонент:** Саңырауқұлақ- грибы, жеуге жарамды-съедобный, жеуге жарамсыз-не съедобный

**Кіріспе бөлім:**

**Шаттық шеңбері:**

«Амансыңба, алтын күні!»

Тіні саңырауқұлақтарды жіпке кестіріп алмақ. Соған сендерден көмектесулерінді өтініп келітті. Сонда олар ұзақ сақталады. Біз оған жіпке тізуге көмектесейік. Үстелді жағалай отыр

Балалар тиінге саңырауқұлақ жинасып, кестіруге қызығушылық танытты

**Дидактикалық ойын:** «Сикырлы дорба»

«Сикырлы дорбадан» саңырауқұлақ алып, оның ұлы, жеуге жарамды екенін тауып, атын атауды ұсынады. Қолдарын дорбаға салып, ішінен саңырауқұлақ алып шығып, оны атады: мынау ақ саңырауқұлақ- ол жеуге жарамды, мынау шыбынқырғыш- ол ұлы.

**Сөздік жұмыс:**

-Балалар, **жеуге жарамды** саңырауқұлақтарды **орысша** съедобные грибы, ұлы саңырауқұлақтарды-несъедобные грибы, дейді.

**Негізгі бөлім:**

Біз бүгін тиінге саңырауқұлақты бүктеу арқылы жасаймыз. Бізге оны орындауға сызбалар көмектеседі (көрсетеді). Саңырауқұлақ дұрыс шығу үшін қағазды қалай бүктеу керек екенін қарап алуды ұсынады.

Қағазды бүктеуге тырысып, ұқсасты, таза орындауға дағдыланды, қайшымен кюнды үйренді.

Жіпке тізіп саңырауқұлақты кестіруге, бір-біріне көмектесуге тырысады.

Сызба бойынша **орындалу ретін** түсіндіреді:

1. Тіктөртбұрышты екіге бүктеу
2. Қарындашпен түбірін сызып алу
3. Қайшымен сызба бойымен кю
4. Дөңгелекті екіге бүктеу (бұл қалпағы болады)
5. Бүктеген жерінен қайшымен кю.
6. Орналастырып қоямыз.
7. Түбір мен қалпақты желіммен жапсыру керек. Қалауынша саңырауқұлақтарды жапсырады.

**Саусақ жаттығуын** жасатады.

«Саңырауқұлақ»

Саңырауқұлақ, расында.

Естімей ме құлағың?

Шуласак та қанша біз,

Менірейіп тұрасың.

Қолдарын үстелдің үстіне қойып, бір қолымен саңырауқұлақтың қалпағын, екінші қолымен денесін келтіреді.

Саңырауқұлақты жасағаннан кейін, назарларын үлкен қағаз беті мен жіпке аударып, саңырауқұлақты жапсыруды ұсынады.

Жапсыру барысында қылқаламның көмегімен желімді мұқият жағып, саңырауқұлақтарды бір-бірінен аздап алшақтатып орналастыру керектігін айтады.

Жасаған жұмыстарын тиінге көрсетуді ұсынады. Тиін балалардың жұмыстарын алып көрме ұйымдастырады. Әдемі, ашық түсті, таза, барлық жұмыстарды мақтап-мадақтайды. Ленталардың ұштарынан ұстап, бір-біріне жылы жүзбен қарап айтады. Жасаған жұмыстарын тиінге көрсетеді. Саңырауқұлақты екіге бүктеу тәсілмен орындағандарын айтып береді.

Келесі жолы бұдан да жақсы орындайтындарын айтады.

«Жүректен жүрекке» шеңбері

**«Кемпіркосақ»**

- Бұлдің сиқырлы себетімізде тағы мынандай әдемі лентадар бар. Бұл лентадардан түрлі-түсті кемпіркосақ жасауға болады. Олардың ұштарынан ұстаңдар да, бір-бірлеріне қарап тұрыңдар, кемпіркосақ жүректен жүрекке өз көшірін сазды. Кәнеки, бәріміз бірге былай дейік:

Күн, мен сені сүйемін,  
Саған бас немін.  
Жылу бер, бақыт бер,  
Мейірім мен шабыт бер.

**№ 5 Ұйымдастырылған оқу қызметі**

**Күні:** 26.08.

**Білім беру саласы:** «Әлеумет»

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Қоршаған ортамен таныстыру

**Тақырыбы:** «Отбасым»

**Мақсаты:** Отбасы мүшелері туралы сұрау. Олардың ішінде мектепке баратын оқушылардың бар жоқтығын сұрау. Оқушылар туралы түсінік қалыптастыру.

**Кіріспе бөлімі:** Шаттық шеңбері «Алақанның жылуы»

**Мақсаты:** балаларды ауызбіршілікке, достыққа тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:**

«Менің отбасым» суреті бойынша әңгімелеп, отбасы мүшелерімен таныстыру.

**Негізгі бөлімі:** Тәрбиеші «Менің отбасым» суреті бойынша балаларға сұрақ береді.

- Суретте не бейнеленген?

- Отбасы

- Суреттегі отбасы мүшелерін ата?

- Ата, әже, әке, ана, іні, қарындас

- Дұрыс, балалар, енді осы суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелеп беріңдер.

- Суретте ата не істеп отыр?

- Ата газет оқып отыр.

- Әже не тоқып отыр?

- Әже күрте тоқып отыр.

- Ана мен әке не істеп отыр?

- Ана мен әке телевизор көріп отыр.

- Кішкентай қызы мен баласы не істеп отыр?

- Олар ойыншықтармен ойнап отыр.

Жарайсыңдар балалар.

**ТАМЫЗ АЙЫ - 5 апта**  
**Өтпелі тақырыш: «Туған өлкенің табиғаты»**

Апта күндері	Дүйсенбі күні 27.08	Сейсенбі күні 30.08	Сәрсенбі күні 31.08	Бейсенбі күні _____	Жұма күні _____
Білім салалары	таным				
Таңертеңгі қабылдау уақыты 8 <sup>00</sup> - 8 <sup>30</sup> Таңғы жаттығу 8 <sup>30</sup> - 9 <sup>00</sup> Таңғы асқа дайындық 9 <sup>00</sup> - 9 <sup>10</sup> Таңғы ас уақыты 9 <sup>10</sup> - 9 <sup>30</sup>	<p>Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау. Топтағы балалармен сәлемдесуді үйрету.</p> <p>I. Жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, қолдарын жанына созып жүру, жүгіру, жүру, екі қатарға тұру.                  II. Жан-жақты дымты жаттығулар:                  Бастанқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.                  1-қолды жоғары көтеру, 2-қолды оңға сермеу, 3-солға сермеу, 4-бастанқы қалыпқа оралу, 4-5 рет.                  Бастанқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.                  1-оң қолды көтеріп, солға иілу, 2-бастанқы қалып, 3-сол қолды көтеріп оңға иілу, 4-бастанқы қалып, 4-5 рет.                  Бастанқы қалып аяқ арасы ашық, қол төмен.                  1-қолды алға созу, 2-отыру, 3-тұру, 4-бастанқы қалыпқа оралу, 4-5 рет қайталау.                  Бастанқы қалып аяқ арасы ашық, қол төменде.                  1-оң қолды жоғары көтеру, 2-түсіру, 3-сол қолды жоғары көтеру, 4-бастанқы қалыпқа оралу, 4-5 рет қайталау.</p> <p>III. Еркін тыныс алу жаттығулары.                  Өз бетінше қолдарын жуып, өз орнына отыру                  Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретуді пысықтау. Нан қиқамын шайнауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. Ас ішіп болған соң ризалығын білдіру.</p>				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті: уақыты 9 <sup>30</sup> - 10 <sup>15</sup>	Жаратылыстану «Жабайы аңдар» Жабайы аңдар туралы не білетіндерін сұрау. Олардың өлдеріне таң белгілерін атау		Көркем әдебиет «Білім күні» I Қырықжыл білім күні екенін айтып түсіндіру. Оқушылардың		
Серуенге дайындық 10 <sup>15</sup> - 10 <sup>25</sup> Күндізгі серуен 10 <sup>25</sup> - 11 <sup>50</sup> Серуеннен оралу уақыты 11 <sup>50</sup> - 12 <sup>00</sup>	<b>Бақылау және танысу:</b>				
	Табиғат ауа райы: Табиғаттағы өзгерістерді тамашалау		Қимылды ойын Орамал тастамақ		
	ойындар:				
	«Айбары асқақ – Ата заңы Қазақстан Республикасы Конституциясы күшіне арналған мерекелік концертке қатысу Жеке бас еркін ойындары. Ойындар арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу. Шынтақтан төмен және тізеден төмен жылы ағын суга жуыну				
Гигиеналық шаралар, 12 <sup>00</sup> - 12 <sup>30</sup> Түскі асқа дайындық Түскі ас уақыты 12 <sup>30</sup> - 13 <sup>00</sup> Күндізгі ұйқы уақыты 13 <sup>00</sup> - 15 <sup>00</sup>	<p>Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.</p> <p>Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқанды, майлықты қолдануды, нан қиқамын шайнауға, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап ие іліп қойып қалыптастыру</p>				
Үйыққан ояну шынығу, 15 <sup>00</sup> - 15 <sup>30</sup> Бесін ас уақыты 15 <sup>30</sup> - 16 <sup>00</sup>	<p>А.А. Уманскийдың нүктелі үті.</p> <p>Киімдерін ұқыпты өздігінен киюі. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Қыз балалар шаштарын тарап жинап қоюды үйрету.                  Өз бетінше қолдарын жуып, өз орнына отыру                  Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жууды дамыту</p>				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті уақыты 16 <sup>00</sup> - 16 <sup>45</sup>	асықтар тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасау		«Менің балбақшам», жалғыз сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу		
Серуенге дайындық Серуендеу Үйге қайту Ата-анаға кеңес уақыты 16 <sup>45</sup> - 18 <sup>00</sup>	<p>Өз бетінше кию, қатармен жүру.</p> <p>Сумен, құрмен, бояулармен ойындар ұйымдастыру. Білім күшіне арналған іс шаралармен таныстыру</p>				

### № 1 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 27.08

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Жаратылыстану

Тақырыбы: «Жабайы аңдар»

Мақсаты: Жабайы аңдар туралы не білетіндерін сұрау. Олардың өздеріне тән белгілерін атау

Кіріспе бөлім: Шаттық шеңберін ұйымдастырып, балаларды жабайы аңдар қоян мен шо тіршілігімен слайд арқылы таныстыру

Негізгі бөлім: Гажап сәт үстел астынан тықар естіледі тәрбиеші ол жерден торда отырған қоянды алып балаларға көрсетеді. Ол не жейді? - айтып түсіндіреді. Содан соң қоянға сәбіз беріп оның жегенін балаларға тамашалатады. Қосын балалармен сергілту сәтін өткізеді.

Балаларды орындарға отырғызып экранда аюдың ормандағы өмірін тамашалатады. Сұрақ қою арқылы ол не жейді?, адамға қауіпті ма? Мультфильмдегі Машаның досы аю қандай? – деп сұрайды. Енді қоянды орманға көберейік ол сол жақта тұрады деп тордағы қоянды топтан шығарады. Содан соң балалардан сұрайды біз аюды үйге әкеле аламызба? Ал үйде және үй маңайында қандай жануарлар тұрады, оларды қалай атаймыз?

Қорытынды бөлім: Бүгін сендер кімдермен таныстыңдар, не істедің деп сұрап балалардың жауабын бағалап, мақтап-мекендейді.

### № 3 Ұйымдастырылған оқу қызмет

Күні: 31.08

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Білім күні»

Мақсаты: 1 Қыркүйек білім күні екенін айтып түсіндіру. Оқушылардың мектепке бара жатқан суреттерін көрсетіп, әрекет бойынша әңгіме жасау.

Кіріспе бөлім: Шаттық шеңбері.

Қандай жылы күн шуақ,

Балаландар жүр шулап.

Қызығына қараймын,

Бар екі, үш... санаймын.

Жарайсыңдар балалар. Орындарыңа жайғасып отырыңдар.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Нәпесі аптадан бастап күз мезгілі болады

Негізгі бөлім: Балалар сендер күз туралы не білесіңдер?

Терезеден табиғатты бақылап қарап көрейік. Қандай өзгерістерді көріп тұрсыңдар?

Балаларға күздің әр түрлі бейнелері бейнеленген карточкаларды таратып береді. Әр қайсысынан суретте не бейнеленгенін сұрау.

Қорытынды бөлім: Балалардан не туралы тақылақ жаттағанын сұрайды. Жаз несімен ұнады сұрау

## Ортаңғы топ балаларына арналған шынықтыру шаралары.

### «Ригалық әдіс»

Барлық жас ерекшеліктеріне сай шынықтырудың «Ригалық әдіс» атауы да бар. Мұның негізгі айырмашылығы сол жаяу, бірақ тұзды жолмен жүру. Бұл шынықтыруда 1,5-2 метрлік жұмсақ сүлгіні 10% тұз ерітіндісімен сулап (100гр тұзды литр суға) балаға оның үстімен жүруді ұсынады. Сосын таза сумен аяқты жуады.

### А.А. Уманскийдің нұстелі үгуді.

**Бірінші аудан аймағы** (төс сүйегі), бұл кезде оның қан тұзілу қызметі жақсартады. Төс сүйегі қан айналымы интервациясы жақсартады, өкпе, өңеш, кенірдек қан айналымы жақсартады.

**Екінші аудан аймағы** тері асты безі. Төс асты бездің (тимус) иммундық жауапты орны ерекше. Ауруға қарсы ағзаның өсу процесі мен дамуын қамтамасыз етеді.

**Үшінші аудан аймағы** синокаротидті қалқанша мен қалқанша жанындағы бездері қанның химиялық құрамы мен ағзаның эндокриндік реттеушілікті қадағалайды.

**Төртінші және бесінші аудан аймағы** мойын вегетивті ганглиясы (жүйе түйіндері) олар қан тамырларды (бас, эндокриндік бездер, жүрек, асқазан, ішек) реттейді.

**Алтыншы, жетінші, сегізінші аудан аймақтары** бас сүйек-ми нервтері, олар, гипофиз құрылымдарымен, көру, есту вегетивтік қызметтермен байланысты.

**Тоғызыншы аудан аймағы** бұл жүйелілік ерекшелігі. Оған әсер ету мидың жүйелі түрде жұмыс істеуі мен барлық ағзаны белсендіреді. Үгуді бірінші аудан аймағынан бастап белгіленген сандық реті бойынша жасалынады. Сұқ немесе ортаңғы саусақпен алғаш рет сағат тілі бойынша, сосын карама-қарсы 3-4 секунд біртіндеп қысып, басып, айналмалы қозғалыспен белгілі аумаққа жан-жағынан жақындайды.

**Үшінші және төртінші аудан аймағы** бойынша саусақ пен мойынның артынан алға қарай сипалау арқылы жасалынады. Симметриялық аймақты бір мезгілде екі қолмен де жасауға болады.

Вирусты жұқпалы тыныс алу жолдарымен аурулармен жиі ауыратын балаларға арналған сақтандыру мен емдеудің іс шаралары.

### Жалпақ табандылықтың алдын алу жұмыстары

Гимнастикалық орындақта, еденде отырып аяқты алға созып, қол аяқ үстінде, арканы түзу ұстайды.

#### 1. «Сәлеметсіз бе - сау болыңыз»

Табанмен әрі және бері қимыл жасау. (5-6 рет)

#### 2. «Ніліп сәлем бер»

Аяқтың бармақтарын нілдіру және шалқайту. (8-10 рет)

#### 3. «Үлкен бармақ өзінің кіші ағайындарымен ұрсып қалды»

Үлкен бармақты өзіне қарай қалған бармақтарды әрі қозғау. Егер қиын болса қолдың көмегімен жасау керек.

#### 4. «Саусақтар ұрсып қалды - татуласты»

Аяқ ұшынан жан-жаққа қарату, сосын бір-біріне жинастыру. (3-4 рет)

#### 5. «Өкше ұрсып қалды да татуласты»

Өкшелерді алшақ ұстау, сосын жинастыру. (3-4 рет)

#### 6. «Қаз серуенге шықты»

Табан еденде, бармақтарды бүтін табанмен алға жүру. (2-3 рет)

#### 7. «Шеңберлер»

Аяқ созылған. Табанды ішке созып сыртқа дөңгелете қозғалту. (5-6 рет)

#### 8. «Жірің»

Үгу добына табанды тіреп отыру. Дөпті қатты басып өкшеден аяқ ұшына және кері жылжыту. (8-10 рет)

### Омыртқа қисаюуынан сақтандыратын жаттығулар.

1. Қолды қозғалтып жүру, аяқтың ұшымен жүру.

2. Ақырындап қолды көтеріп дем алу, түсіріп, дем шығару.

3. Қол белде, аяқты көтеріп, ішке тарту, бастапқы қалыпқа келу. (3-4 рет).

4. Қол кеуде алдында. Қолды жан-жаққа созып - дем алу, бастапқы қалыпқа келіп дем шығару (3-4 рет).

5. Арқаға жату, қол дене бойында. Аяқпен «велосипед» тебу (1-2 минут)

6. Ішпен жату, аяқ саусақтарын созып, қолды жоғары созу - дем алу - денені босаңсыту - дем шығару. (2-4 рет)

7. Арқамен жату. Қол дене бойында, аяқтары бір-бірімен түйіскен. Барлық денемен оңға қисаю аяқ-қол солға қалыпты жағдайға келу - дем шығару. Басқа жағымен соны істеу (3-4 рет).

8. Гимнастикалық қабырғаға бетімен қарап тұрып рейканы нықтың деңгейінде ұстап, тізерлеп отыру, қайтадан қалыпқа келу. (3-4 рет)

9. Тұру, қол жан-жақта, баста құм салынған қалташа. Аяқтың ұшымен жүру.

10. Шеңбер болып тұру. Қолдарын ұстап қолда бәрімен бірге жоғары көтеру, төмен түсіру, дем алу - дем шығару. (3-4 рет)

11. Қолдармен шеңбер жасап тұру. Арканы тік ұстап, тізерлеп отыру (3-4 рет)



## Мүсін бұзылуының алдын-алу. Кешенді жаттығулар.

### Доппен жаттығулар.

#### «Түзу мүсін»

Допқа отырып, табаныңды жерге тіреп, қолды шынтақтан бүккен күйде, арқаны тік ұстау.

Орындалуы: осы қалыпты сақтап, басты түсірмей отыру. (15 секунд)

#### б) «Спорттық жүріс»

Орындалуы: табан қимылы (алма-кезек), аяқ ұлын жерден алмай оң сосын сол өкпемен, алма кезек көтеру.

#### в) «Иілу және созылу».

Допты арқаға қойып, допқа отыру.

Орындалуы: 1- оңға бұрылу (солға), сол қолды жоғары созылу, 2 бастапқы күйге келу (4 рет).

#### г) «Атқа қарау».

Доп үстіне жату (арқамен). Қолды бос жіберу, аяқты тізеден бүту.

Орындалуы: 1- қолды көтеру, атқа қарау; 2- бастапқы қалпына келу. (8-рет)

#### д) «Сайқыматақ».

Допта отырған күйі, қол белде.

Орындалуы: 1- Аяқты өкпеге қойып созу. Қолдары жан-жақта, бармақтарды бір-бірінен барынша ажырату. (7 рет)

#### е) «Сақина»

Доппен доп алдында жүту, саусақтар допта. Орындалуы: 1- аяқты бүгіп иілу аяқ ұштарын басқа дейін жеткізу. 2 – бастапқы қалпына келу. (6 рет)

#### ж) «Доптар»

Допта отырып қолды жіберу. Өткізілуі: Допта отырып жеңіл секіру қолды жан-жаққа жоғары көтеріп алақанмен шапалақтау, алма-кезек тізені көтеру. 2 – бастапқы қалпына келу. (30 секунд)

Тұрып денені босаңсыту жаттығулары:

1. Қолдарын қолды көтеру, саусақтарды айналдырып «лақтырып» төмен түсіру.

2. Жан-жаққа жайымен босаңсыған қолдың көмегімен бұрылу.

3. Жатқандағы босаңсыту жаттығулары.

4. Қолдарды сілкіу.

5. Аяқты өзін және өзіне қарай қозғалту.

## ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

### Қоян мен қасқыр (Тәрбиеші балалармен бірге)

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақты жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

### Тырналар-тырналар

(Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрындар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болындар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болындар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойыннан кателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

### Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталады.

### Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттап білуге үйренеді.

### **Өз түсінді тап.**

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменін әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіндер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсінді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанады. (5-6 рет)

### **Ақ доп, қызыл доп**

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көңтеп үйіп қояды. Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіске жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

### **Поезд**

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жақындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, санырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

### **«Допты дәлдеп лақтыр»**

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (дөңгелекке) лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

### **«Күміс алу»**

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

### **«Қаракүс пен балапандар»**

Педагог тауық болып, балалар балапан болып жем теруге шығады. Бір бала қаракүс болады. Жем теріп жүргенде қаракүс ұшып келеді. Барлық балапандар тауықтың қанатының астына жасырынады.

### **«Не жедің, тауып айт»**

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау. Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою. Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін тағтырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

### **«Торғайлар мен автомобиль»**

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

### **Құстардың ұшып келуі**

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

### Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

### «Өзара айырмашылығын тап»

Максаты: 1. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

2. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.

Жернекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.

Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

## ЖАЗҒЫ КЕЗЕҢДЕГІ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДА НЕГІЗГЕ АЛЫНҒАН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

Балалармен жазғы кезеңдегі емдеу, шынықтыру, сауықтыру және тәрбиелік іс-шараларды өткізуді реттейтін нормативтік құжаттар:

- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы;

- «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №604 бұйрығы (ҚР БҒМ 05.05.2020 ж №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы;

- "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы

- «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (ҚР БҒМ 18.05.2020 ж №207 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты.

- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шау» Республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 31-мамырдағы №5 хаттамалық шешімімен ұсынылған «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» бойынша әдістемелік ұсынымдар, Нұр-Сұлтан, 2021

## ЖАЗ МЕЗГІЛІНІҢ ЖУРНАЛЫ

ТӘРБИЕ ШАРАЛАРЫНЫҢ ЦИКЛОГРАММАЛАРЫ,  
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТТЕР



ОРТАҢҒЫ ТОП

Авторлар – Ногайбекова Б.С  
Жотабаева Ж.М

ҚР Нұр-Сұлтан қаласы  
«Педагог» мектепке дейінгі тәрбие  
әдістемелік білім беру орталығы  
тел: 8/747/ 423 86 90  
E-mail ip\_pedagog@mail.ru  
www.ippedgog.kz  
pedagog\_ortaligi инстаграмм, телеграмм

Басуға 11.05.2022ж. қол қойылды.  
Қағаз көлемі А3. Типографиялық қағаз.  
Баспа табақ көлемі 3,5.  
Тираж 500 дана  
Нұр-Сұлтан қаласы -2022ж